

**Шағын кәсіпкерлік субъектілері тапсырған ақпарлар негізінде олардың қалауымен мемлекеттік кәсіпорындардағы пайдаланылмай тұрған жайлар мен объектілерді, кеңселік жайларды кейін меншікке беру құқымен жалға немесе сеніп басқаруға берудің реті туралы ЕРЕЖЕ**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаментінің қаулысымен 1997 жылғы 9 маусымдағы N 145 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 маусымда тіркелді. Тіркеу N 317. Күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінен келіп түскен хатына сәйкес 11.02.2000г. N 4-01-10-1/33Г

Шағын кәсіпкерлік субъектілері тапсырған ақпарлар негізінде пайдаланылмай тұрған өндірістік жайларды олардың қалауымен кейін меншікке беру құқымен жалға немесе сеніп басқаруға беруді мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттер мына ретімен жүзеге асырады:

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттерге тапсыратындары:

- Қосымшаға сай, жалға немесе сеніп басқаруға беруге шарт жасасу құқына өтініш;

- өндіріспен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілері ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы құжаттар;

- объектіні өндірістік мақсаттарда пайдалану жөнінде жеке конвертке салынып, жазбаша түрде берілетін ұсыныстар;

- мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті жанындағы Ақпарат-есеп орталығының таңдалып алынған объектінің мемлекеттік кәсіпорындардағы пайдаланылмай тұрған өндірістік жайлар мен объектілердің, кеңселік жайлардың Тіркемінде жоқтығы туралы анықтамасы. Ақпарат-есеп орталығының аумақтық бөлімшесі анықтаманы кәсіпкердің айтқан мезгілінен 3 күн мерзімде беруге тиісті.

Барлық тапсырылған құжаттар мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару жөніндегі аумақтық комитеттердің кеңсесінде міндетті тіркелуге жатады. Есеп жүргізу үшін тіркеу журналы арналып, онда тапсырылған құжаттардың мерзімі және түскен уақыты көрсетілген тізбесі беріледі.

Сондай-ақ, мерзімі мен түскен уақыты шағын кәсіпкерлік субъектісінің өтінімінде тіркеледі. Сонымен бірге, кәсіпкерге өтінімнің тіркелгендігі туралы анықтама беріледі.

2. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттер мына межелерді негіз ете отырып, жергілікті атқару органдарымен, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың аумақтық бөлімшелерінің өкілдерімен бірлесіп, 5 күн мерзімде тапсырылған материалдарды қарайды:

- жоғарыда аталған құжаттардың толық пакетінің болуы;
- объектінің өндірістік мақсаттар үшін пайдаланылуы;
- объект бойынша қолданылатын жалдау қатынастарының жоқтығы;
- объектіге қатысты қандай да болмасын бір ауыртпалықтың жоқтығы.

Кәсіпкерден түскен өтінімді қараудың нәтижесі хаттамамен ресімделеді. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттер шарт жасауға келісуі, не себептерін көрсете отырып, одан бас тартуы туралы кәсіпкерге тиісті хабар жібереді (тапсырылған құжаттар пакетінің толық болмауы, кәсіпкердің ұсыныстарында объектіні өндірістік мақсаттар үшін пайдалану ниетінің болмауы, қаралып отырған объектіде жалгерлік қатынастар болған жағдайда - мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетпен арадағы шарттың жасаулары көрсетіледі және басқалары).

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитет және шағын кәсіпкерлік субъектісі арасында мәселе оңынан шешілген жағдайда, 2 күн ішінде бір жыл мерзімге жалдауға немесе сеніп басқаруға шарт жасалады. Осындай шарттардың жасалған күнінен бастап, егер алты ай ішінде өндірістік қызметтер жолға қойылмаған жағдайда, оның бұзылуы көзделуге тиісті.

Қайтарылған объект мен мүлік кейін тендерге қойылады.

3. Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару жөніндегі аумақтық комитеттер жалдаудың немесе сеніп басқаруға беру шарттарының орындалуын бақылап, жүзеге асырады.

Кәсіпкер жалға алу немесе сеніп басқаруға берудің шартын тиісті түрде орындаған жағдайда, объект оның меншігіне беріледі. Жекешелендіру жөніндегі департамент меншік құқына кірісуді заңдастырып, жүзеге асырады.

4. Жоғарыда аталған шарттардың жасалуы мен бұзылуы Ақпарат-есеп

орталығында міндетті тіркеуге жатады.

5. Егер сол бір объектіге шағын кәсіпкерліктің бірнеше субъектісінен ақпарат түссе, онда белгіленген ретімен бірінші өтінім берген кәсіпкердің ұсыныстары қаралады. Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару жөніндегі аумақтық комитеттің кеңсесі тіркелген мерзімі мен өтінімнің тіркелген уақытына сай алдыңғы кезектілігін анықтайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері тапсырған ақпараттар

негізінде, олардың қалауымен, мемлекеттік кәсіпорындардағы пайдаланылмай тұрған өндірістік жайлар мен объектілерді, кеңселік жайларды кейіннен меншікке беру құқымен жалға немесе сеніп басқаруға берудің реті туралы Ережеге Қосымша

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі  
аумақтық комитеттің  
Төрағасы \_\_\_\_\_

Жалға немесе сеніп басқаруға беруге  
ӨТІНІМ  
(заңды тұлға толтырады)

Мен \_\_\_\_\_  
(өтінім берген заңды тұлғаның толық аты)

1. \_\_\_\_\_ мемлекеттік кәсіпорнының  
(кәсіпорынның аты)  
құрамына кіретін, мекен-жайы \_\_\_\_\_

пайдаланылмай тұрған өндірістік жайды қарап шығып, өтінімге қол қоюға өкілеттік алып, төменде қол қойған біз, осы жайды өндірістік мақсаттарда пайдалану үшін және осы өтінімге тіркелген біздің ұсыныстарымызға сәйкес жалдауға (сеніп басқаруға) (керегінің асты

сызылсын) шарт жасауға келістік.

2. Біздің ұсыныстарымыз қабылданған жағдайда, біздің өтініштеріміздің қаралу нәтижелері туралы ресми хабарланған кезден 2 күннен аспайтын мерзімде шарт жасауға өзімізге міндеттеме аламыз.

3. Біздің өтінішіміздің қаралу нәтижелері туралы шешімді мына мекен-жайға салуды өтінеміз: \_\_\_\_\_

4. Осы өтінімге келесі құжаттар тіркеледі:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ үшін.

(заңды тұлғаның аты)

(өкілетті тұлғалардың лауазымы, аты-жөні)

Қолы \_\_\_\_\_ 199\_\_ жыл " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қабылданды 199\_\_ жыл " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сағ \_\_\_\_\_ мин.

Қолы \_\_\_\_\_

P.S. Шартқа қол қойылғанға дейін, біздің ұсыныстарымыздың қабылданғандығы туралы Сіздің жазбаша хабарыңыз бар осы өтінім Тараптар арасындағы шарттық күші бар құжат болып есептеледі.

Жалға немесе сеніп басқаруға беруге

**ӨТІНІМ**

(заңды тұлға толтырады)

1. \_\_\_\_\_ мемлекеттік кәсіпорнының  
(кәсіпорынның аты)  
құрамына кіретін, мекен-жайы \_\_\_\_\_

пайдаланылмай тұрған өндірістік жайды қарап шығып, мен, осы жайды

өндірістік мақсаттарда пайдалану үшін және осы өтінімге тіркелген менің ұсыныстарыма сәйкес жалдауға (сеніп басқаруға) (керегінің асты сызылсын) шарт жасауға келістім.

2. Менің ұсыныстарым қабылданған жағдайда, менің өтініштерімнің қаралу нәтижелері туралы ресми хабарланған кезден 10 күннен аспайтын мерзімде шарт жасауға өзіме міндеттеме аламын.

3. Менің өтінішімнің қаралу нәтижелері туралы шешімді мына мекен-жайға салуды өтінеміз: \_\_\_\_\_

4. Осы өтінімге келесі құжаттар тіркеледі:

---

Қолы \_\_\_\_\_ 199\_\_ жыл " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
Қабылданды 199\_\_ жыл " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ сағ \_\_\_\_\_ мин.  
Қолы \_\_\_\_\_

Р.С. Шартқа қол қойылғанға дейін, менің ұсыныстарымның қабылданғандығы туралы Сіздің жазбаша хабарыңыз бар осы өтінім Тараптар арасындағы шарттық күші бар құжат болып есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ